

Тақырыбы: Дезинфекциялық камералар



Тексерген: Тохтарова Б.
Орындағандар: Тлемис Молдир
15-700-12 топ Ветеринарлық медицина

Жоспар:

1. Дезинфекциялық камералар
2. Дезинфекция камералардың құрылысы
3. Дезинфекция камералардың түрлері
4. Дезинфекциялау кезеңдері
5. Отты бу-ауалы, бу-формалинді ОППК камералар

Дезинфекция камералары – бұл булау, ауамен булау, бу - формалинмен өңдеу, ауамен, газдармен залалсыздауға арналған құралдар немесе қондырғылар.

Дезинфекциялық камералар киім, төсек заттары, жүн, тері, аяқ киім, құрал-саймндар, кілем, кітап, сонымен қатар, өсімдіктекті заттар мен азықтарды зиянкестермен және өсімдік ауруларымен күресі мақсатында қолданылады. Қайнату да өте тиімді әдіс, бірақ сырт киімдерді, көрпе-төсектерді қайнатуға болмайды, оларды тек арнайы камераларда залалсыздау қажет.

Дезинфекция камераларында физикалық (су булары, ыстық құрғақ ауа), химиялық (формальдегид) тәсілдер немесе екеуі де бірігіп қолданылады.

Дезинфекция камералары емдеу-сауықтыру, санитарлық-эпидемиологиялық мекемелерде, өндірістік мекемелерде орнатылады.

Барлық дезинфекциялық камералардың құрылысы ұқсас:

1. Заттарды салатын жұмыс камерасы.
2. Жылу көздері (булы пеш, от, электр тоғы).
3. Бақылау-өлшеу құралдары (термометр, психрометр, манометр, клапандар).
4. Химиялық заттарды құятын апараттар (сепкіш, шашыратқыш).
5. Желдету құралы мен қондырғылары.



Стерилизациялау әдісіне қарай дезинфекциялау камераларының түрлері:

1. Булы-формалинды камералар – ылғалды ыстық ауа және бу-формальдегид қосындысы қолданылады.
2. Булы камералар – қаныққан су буларымен өңделеді.
3. Ауалы камералар – ыстық құрғақ ауамен өңделеді.
4. Газды камералар – күкірт ангидридi, этилен оксидi, метилбромид, хлорпикринмен өңделеді.
5. Аралас әдісте бірнеше затпен бірге өңделеді.



Құрылысына қарай дезинфекциялық камералар



Тұрақты



Жылжымалы



Жиналатын

Тұрақты камералар арнайы бөлмелерде орналастырылады, кедергі қойып 2 бөлімге бөледі, біреуінде лас заттарды қабылдап камераға салады, екіншісінен таза заттарды камерадан шығарып, таратады, онда бақылау құралдары, бұрайтын вентилендер, термометр де болады. Камера бөлмесінде заттарды сорттау үшін сөрелер, бақылайтын сағат, арнайы киімдерді және жеке киімдерді сақтайтын шкафтар, қол жуғыш, сабын, сүлгі болуы керек. Заттарды салу бөлмесінде камераның жұмыс істеу тәртібі, ішкі тәртіп ережелері болуы қажет.


Жылжымалы камераларды көлікке тіркейді. Жинамалы камералар толық және жартылай жиналатын болып шығарылады. Жылжымалы және жинамалы камераларға арнайы бөлме қажеті жоқ, бірақ төбесі жабық жерге орнату керек.



Алдымен заттың сапасына қарай, залалсыздау әдісіне қарай сорттап алады, өте сулы заттарды кептіріп алады. Алғашқы партияны салар алдында камераның есіктерін жауып, 10-15 минут қыздырып алады: булы формалин әдісінде температура 50-600 градус, ыстық ауаман залалсыздау әдісінде температура 800 С градусқа дейін.


Дезинфекциялау және дезинсекциялау көлемі, өңдеу температурасы жүқпаның түрінен, қоздырғыштың төзімділігінен және заттың сапасынан байланысты.

Тері және жағалы киімдерді ішін сыртына қаратып, бірі біріне жақындатпай іліп қояды, жүн етіктерді төмен қаратын қояды, аяқ киімдеді сеткаға іліп қояды.




Дезинфекциялау кезеңдері:


1. Сорттау, заттарды камераға салу - 5-10 минут.
2. Камераны қыздырып алу және заттарды кептіру – 10-15 минут.
3. Температураны көтеру (булы камерады қысымды да) –10-15 минут.
4. Камераға формальдегид қосу – 3-10 минут.
5. Залалсыздау - 10 минут – 4 сағат.
6. Қысымды төмендету, қалпына келтіру - 2-10 минут.
7. Формальдегидті нейтрализациялау, камераны заттарымен бірге желдету - 10-40 минут.
8. Заттарды шығару –5-10 минут.



Отты бу-ауалы, бу-формалинді ОППК камералар

Арнайы киім, аяқ киім, құрал-саймандар, жүн, малдардың күтім
Құралдарын бу-ауалы, бу-формалинді әдіспен дезинфекциялауға
арналған камераларды ферма мен кешендерге 2 түрде жібереді:
негізгі – ОППК-1 стационарлы; ОППК-2 қозғалмалы; ГАЗ-704
автотіркесімен құрастырылған.







ОППК-1 камерасы- жылуоқшаулағыш материалдан жасалған, ауа кірсейтін 2 есіктен (жүктейтін және түсіретін) тұратын қабылғалы тікбұрышты қондырғы. Ішінде ілуге арналған тақтайлары (дезинфекциялауға арналған), жылу алмастырғыш пен 2 табадантұратын жылыту жүйесі және қорғаныс торы бар. Жылудың көзі ретінде ЛП-2,8 екі дәнекерлейтін шамдар қолданылды. Олар тіреуіштерде орналасып, жылу алмастырғыштың қаптарына өз бастарын орналастырады. Ыстық от газдары түтіктер арқылы орталық қаптамаға өтеді.

Камерадағы дезинфекцияның жұмыс тәртібін қадағалау үшін термометр мен психрометр қарастырылған.

Жоғарыдағы камералардан басқа КС-3 (БДП-3) дезинфекциялық камерасы, ВФЭ-2/0,9 дезинфекциялық электрокамера және т.б.







Назарларыңызға рахмет!